



Ембі ТЫНЫСЫ

№1 (131)
ҚАҢТАР
2025 жыл

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз

ЖАҢА ЖОБАЛАР: АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАР КЕЗЕК КҮТУДЕ

«Ембімұнайгаз» АҚ-да өткен кеңейтілген жиында өндіріс көрсеткіштері тыңдалды

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов Атырау облысына арнайы жұмыс сапарымен келіп, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның қызметіне қатысты кеңейтілген өндірістік жиналыс өткізді. Оған ЕМГ-нің толықтай басшылық құрамы мен мұнай-газ өндіру цехтарының бастықтары қатысты.

Жиналғандар алдында сөз алған «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Ізмұханбет 2024 жылғы жұмыстың басты қорытындылары бойынша жан-жақты баяндалған есебін жасады. Биылғы жоспарға енген басты іс-шараларға да тоқталды.

Компания өткен жылды айтарлықтай жақсы табыспен аяқтады. Нақтылайтын болсақ, мұнай өндіру көлемі 100,6%-ға, өнім тапсыру көрсеткіші 101,6 %-ға орындалған. Компания басшылығы өндіріс көрсеткішін артығымен орындауды жылжымалы өндіру ұңғымаларынан мұнай өндіру есебінен қамтамасыз етілгеніне және геологиялық -техникалық іс-шаралардың тұрақты орындалуы нәтижесінде жүзеге асырғанына ерекше тоқталды.

2024 жылы қолға алынған жақсы жұмыс – геологиялық-техникалық іс-шаралардың уақытылы орындалып, ұңғыларды күрделі жөндеу, жер қабатын гидравликалық жару (ГРП) арқылы ұңғымалардың өнімділігін арттыруға мүмкіндік орнауы.

Жиында өткен жылдың қорытындысын баяндаумен қатар, биылғы жылдың негізгі мәселелеріне де тоқталды. 2025 жылы ембіліктердің алдында ауқымды жұмыстар тұр.



3»»

«ҚАУІПСІЗДІК МӘДЕНИЕТІН ДАМУДАҒЫ КӨШБАСШЫЛЫҚ»

Форум аясында еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жетістіктері үшін ҚМГ еншілес компаниялары марапатталды. Олардың қатарында «Ембімұнайгаз» АҚ «Көлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» марапатталды.

2»»

ЖЕҢІС ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАНКЕШТІ ЕҢБЕК

Кешегі Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі ембілік мұнайшылардың Жеңіске қосқан үлесі ұшан-теңіз. Соғыстан кейін тоқыраған шаруашылықты қалпына келтіру жұмыстарында да мұнайшылардың үлестері мол.

6»»

ЕҢБЕК АДАМЫ – ЕЛ БАЙЛЫҒЫ

Ғасырдан астам уақыт қара алтын өндіріп, ел экономикасының дамуына үлес қосып келе жатқан Ембі өндірісі бірнеше сала қызметін топтастырып отыр. Соның ішінде, жұмысшы мамандықтарының да өзіндік алар орны бар.

7»»

РЕДАКТОР БАҒАНАСЫ



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның корпоративті басылымы – «Ембі тынысы» газетінің 2025 жылға арналған алғашқы саны қолдарыңызға тиіп отыр.

КОММУНИКАЦИЯ: ТИІМДІ ҚАРЫМ-КАТЫНАС, СЕНІМДІ БАЙЛАНЫС

Кез-келген компанияның көздеген мақсаты – ұжымішілік байланысты нығайта отырып, сыртқы ортаға танылу. Коммуникациясы дұрыс жолға қойылған ортада табысты еңбекке қол жеткізу әлдеқайда жеңілірек. Бұл орайда, «Ембімұнайгаз» АҚ ішкі және сыртқы коммуникацияны дамытуға әркез басымдық беріп келеді. Оның көрінісі: осымен 8 жыл қатарынан жарыққа шығып келе жатқан төл газетіміз бен әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларымыздың тұрақты жұмыс жүргізуі. Айтпаса да түсінікті, газет пен әлеуметтік желілердегі парақшалар әрбір мекеменің қан тамыры десек болады. Бүгінгі гибриді жұмыс әдісі кең орын алған заманда байланыстың қай түрі де өзекті. Бұл алдымен ашық жұмыс әдісін жолға қоятыны анық. Ал, ашықтық бар жерде пікір қайшылығына орын жоқ.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Ізмұханбет коммуникацияны одан әрі күшейте түсу керектігін бүгінгі күн талабына енгізді. Осы міндетті уақытылы, сапалы жүзеге асыру үшін Қоғаммен байланыс тобы (Баспасөз қызметі) көптеген жаңа бастамаларды қолға алды.

Біз коммуникацияны дамыту мақсатында қандай жолдарды пайдаланып келеміз?

Алдымен, әрине, газетіміз. 2024 жылы «Ембі тынысы» газетінің 13 саны сіздерге жол тартты. Газеттің әр санында Компанияда болып жатқан өзекті мәселелерді оқырмандарға шынайы жеткізуге тырыстық. Мұнайшының еңбек ортасы, әлеуметтік жағдайы, отбасындағы тату тірлігі үнемі тақырыбымыз болса, сонымен қатар, Компаниядағы тиімді басқару саясаты да тұрақты жазылып келді.

Ұжым мүшелерінің ой бөлісетін келесі платформа – ішкі **Telegram** парақшасының (Ембі Мұнайшысы) ұйымдастырылуы да өзара жақсы қарым-қатынаста болуды көздеген бастама. Өзекті жәйтті әр мұнайшыға жеткізуді мақсат еткен **Telegram** парақшасы – ұжым мүшелерінің идеяларымен, пікірлерімен, алаңдатқан мәселелерімен өзара бөлісетін орын. **Telegram** парақшасының жұмысын Компания басшылығы ұдайы назарда ұстап отыр.

Ал, **Facebook** (Ембілік Мұнайшы) пен **Instagram** (embamunaigas.kz) парақшамызда және **You tube** (Ембімұнайгаз АҚ) каналында, **Telegram** (Ембімұнайгаз АҚ) каналында коммуникацияның сыртқы бағытына басымдық беріп келеміз. Әрине, ең бастысы жұртшылыққа ұжымішілік болып жатқан игі бастамалар мен жаңалықтарды хабардар етуді мақсат еттік.

Компанияның коммуникациялық стратегиясына жауаптылардың бірі – Қоғаммен байланыс тобы (баспасөз қызметі) ұжымының айтар түйінді ойы.

Әріптестер! Әлеуметтік желілердегі парақшаларымыз, газетіміз арқылы сіздермен тек ақпарат тарату аясында ғана емес, көкейлеріңізде жүрген, мазалаған сауалдарыңызға жауаптар ұйымдастыру арқылы да қызмет етеміз. Бұл сіз бен біздің арамдыдағы байланысты нығайта түседі. Олай болса, сіздерден мазмұнды жаңалықтар, танымды ойлар мен ұсыныстар күтеміз. Хабарласыңыздар. Бізбен ой бөлісіңіздер. «Ембі тынысы» газетінің әрбір саны, әлеуметтік желілердегі парақшаларымыз сіздермен ғана қызықты, тартымды. **ЕТ**

Құрметпен,
Галия КАРАЖАНОВА,
Қоғаммен байланыс тобының
(баспасөз қызметі) жетекшісі

КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫС

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТИІМДІЛІКТІ АРТТЫРУ – НАКТЫ МІНДЕТ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (ҚМГ) Басқарма төрағасы Асхат Хасенов 2024 жылдың жұмыс қорытындысы бойынша 50 еншілес тәуелді ұйымдардың және бірлесіп бақыланатын компаниялардың басшыларымен кеңейтілген отырыс өткізді.

ҚазМұнайГаз бүкіл өндіріс тізбегі бойынша тиімді жұмыс пен қаржылық тұрақтылықты көрсетуде. Бытырдың қорытындысы бойынша ҚМГ тобының мұнай және конденсат өндіру көлемі 2023 жылғы көрсеткіштерден асып, 23,8 млн тоннаны құрады. Мұнай тасымалдау көлемі 4%-ға өсіп, 83,6 млн тоннаға жетті. Мұнай өңдеу зауыттары 17,44 млн тонна мұнай өңдеді. Ішкі нарықты мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету үшін 2024 жылы зауыттарда жеңіл мұнай өнімдерінің



инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша және басқа да нақты міндеттер қойды. Әлемдік энергетика нарығының қазіргі жағдайында алдымызда елеулі сын-қатерлер тұр. Ел экономикасына қосып отырған зор үлесін ескере отырып, «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобы операциялық тиімділікті арттыру, экономикалық көрсеткіштерді жақсарту және өңірлерде әлеуметтік тұрақтылықты қолдау жөніндегі жұмысты күшейтеді», – деді отырыстың ашылуында А.Хасенов.

Отырыс барысында еншілес және тәуелді ұйымдар басшыларының есептері тыңдалды. Өткен жылдың қорытындысы бойынша қаржылық және өндірістік көрсеткіштер, 2025-2027 жылдарға арналған операциялық тиімділікті арттыруға қатысты негізгі іс-шаралар, сондай-ақ ұлттық компанияның цифрлық даму саласындағы жоспарлары

қаралды.

Сонымен қатар, ел Президенті жариялаған Жұмысшы мамандықтары жылы аясындағы ҚМГ бастамалары талқыланды.

«Кез-келген компания дұрыс шешім қабылдау, қызметкерлерінің қажырлы еңбегінің нәтижесінде жетістікке жетеді. Сондықтан басшыларды қызметкерлерге өндірістік процестерді жақсартуға белсенді атсалысуын ынталандыратын жағдай жасауға шақырамын», – деп атап өтті А.Хасенов.

Жиын қорытындысы бойынша ҚМГ басшысы жаңа технологиялар мен тәсілдерді енгізу, процестерді цифрландыру арқылы мұнай өндірудің және жеңіл мұнай өнімдері өндірісінің өсуін қамтамасыз етуді, еңбек өнімділігі мен энергия тиімділігін арттыруды, инвестициялық жобаларды бекітілген мерзімде сапалы іске асыруды тапсырды.

www.kmg.kz



өндірісі 370 мың тоннаға ұлғайды.

Сонымен қатар, ҚМГ геологиялық барлауды жандандырып, ел қорын толықтыруда. Бұл бағытта жаңа технологиялар енгізіліп, инве-

стициялар тартылып жатыр. Жер қойнауының мүмкіндігін зерттеу аясында бытыр Торғай Палеозой, Қаратон Подсолевой, Қаражар және Тайсойған учаскелерінде бұрғылау жұмыстары басталды, олардың мұнай қоры 800 млн тоннадан асады.

Мұнай өңдеу және мұнай-химия бағытында «CASPIBITUM» ЖШС-де битум өндірісін жылына 750 мың тоннаға дейін ұлғайту жөніндегі жоба іске асырылуда. Сондай-ақ, ҚМГ елде мұнай-газ химия саласын дамытуға бағыт алды – қуаты жылына 1 млн 250 мың тонна полиэтилен өндіретін зауыт жобасы бойынша ерте құрылыс жұмыстары басталды.

«Мемлекет басшысы геологиялық барлау мен мұнай-газ химиясын дамыту, ірі

ФОРУМ



Астанада «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес ұйымдары бас директорларының IX жыл сайынғы «Қауіпсіздік мәдениетін дамытудағы көшбасшылық» форумы өтті.

Іс-шараға ҚазМұнайГаз басшысы Асхат Хасенов, ҚМГ еншілес кәсіпорындарының бас директорлары, «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.», «Теңізшевройл» және «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» ірі мұнай-газ компанияларының өкілдері қатысты.

Қатысушылар өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін талқылады.

А.Хасенов өз сөзінде ҚазМұнайГаз қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға, қызметкерлердің денсаулығын сақтауға және өз қызметін жүргізетін өңірлерде экологиялық тепе-теңдікті ұстауға ерекше назар аударатынын атап өтті.

«Қауіпсіздік - тұрақты жұмыс пен жетілдіруді қажет ететін үздіксіз процесс. Бұл - біздің басты корпоративтік құндылықтарымыздың бірі. Барлық деңгейдегі басшыларға ерекше жауапкершілік жүктеледі. Олар



қызметкерлеріне осы принциптерді ұстануда үлгі болуы тиіс. ҚМГ өндіріс нысандарындағы жұмысшылардың қауіпсіздігі мен жағдайының жайлы болуына ерекше мән бере отырып, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бағытындағы жұмыстарды мақсатты түрде жалғастырады, — деді ҚМГ басшысы.

Сондай-ақ, ТШО, НКОК және КПО өкілдері

осы саладағы өз тәжірибелерімен бөлісті.

Форум аясында еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жетістіктері үшін ҚМГ еншілес компаниялары марапатталды. Олардың қатарында «Ембімұнайгаз» АҚ «Көлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» марапатталды.

www.kmg.kz

«ҚАУІПСІЗДІК МӘДЕНИЕТІН ДАМУДАҒЫ КӨШБАСШЫЛЫҚ»

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

НАҚТЫ ҚАНДАЙ ЖҰМЫСТАР ҚОЛҒА АЛЫНҒАЛЫ ОТЫР?

Биылғы меже – мұнай өндіру мен тапсыру бойынша жоспарланған көрсеткіштерді орындаумен қатар қол жеткізген қарқынды жұмыстардың деңгейін сақтап қалу. ЕМГ – отандық мұнай-газ өндірісінің негізін қалаған кәсіпорын ретінде тың жобаларды іске асыру арқылы мұнай мен газ өндіру көлемін ұлғайтуға, компанияның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге және өңірдегі әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға ықпал етуді назарда ұстап отыр.

Компания үшін ең өзекті мәселе – мұнай шикізат базасын



Шығыс Новобогат кен орнында газ дайындау қондырғысының құрылысы басталады деп күтілуде. Жылына 100 мың тонна мұнай алуға мүмкіндік береді деген жоспарымыз бар.

Тайсойған-1, Тайсойған-2 геологиялық барлау жобалары 2024 жылы қолға алынып, алғашқы үш барлау ұңғымасын бұрғылау жұмыстары басталып кетті.

Кеңейтілген жиында «Ембімұнайгаз» АҚ-ның ескі кен орындарын тиімді деңгейге шығару міндеті туралы кеңінен айтылды. Ғасырдан астам уақыт жер қойнауын игеріп келе жатқан «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты кен алаңдарының көпшілігі өнім берудің соңғы саты-

ЖАҢА ЖОБАЛАР: АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАР КЕЗЕК КҮТУДЕ

«Ембімұнайгаз» АҚ-да өткен кеңейтілген жиында өндіріс көрсеткіштері тыңдалды

толықтыру. Осы мақсатта соңғы бірнеше жыл қатарынан ресурстық базаны нығайту бойынша белсенді жұмыстар қолға алынууда. Ал, биыл 4 жобаны іске қосуды жоспарлап отырмыз. Жобалар Инвестициялық комитеттің отырысында таныстырылып, олардың келісімдеріне ие болды.

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның **Батыс Прорва** кен орнындағы газ шоғырын игеру жобасы 2025 жылы басталып, 2027 жылы аяқталады деп жоспарлануда. Осы кезеңдер ішінде мұнай өндіру көрсеткіші

мен газ өндіруді көбейту жүзеге аспақшы.

Прорва мұнай дайындау және айлау цехын реконструкциялау және жаңғырту жұмыстары қолға алынады. Жоба арқылы ескірген жабдықтарды кезең-кезеңімен алмастырып, технологиялық шараларды жаңартуға мүмкіндік болады.

Батыс Қарасор кен орнында мұнай өндіруді бастау міндеті қойылды. Осы жоба арқылы қосымша 60-65 мың тонна мұнай өндіруге қол жеткіземіз.

Ембіліктер өткен жылдың қараша

айынан бастап «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты Прорва кен алаңында электрлендірілген ортадан тепкіш сорғыларды өндіріске енгізіп, оң нәтижеге қол жеткізді. Нақтыласақ, мұнай дебиттері артып, қосымша мұнай өндіруге мүмкіндік орнаған. «Биыл да бұл жұмыс жалғасады» дейді мамандар.

Ембінің кен алаңдарындағы тағы бір жақсы игі бастама қойнауқаттың мұнай беру көрсеткішін арттыру мақсатындағы «ұңғымаларды бір мезгілде – бөлек пайдалану» әдісі

(ОРЭ) жақсы нәтижесін көрсетіп келеді. «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты Солтүстік Ұаз кен алаңына енгізілген осы әдіс арқылы 2024 жылы қосымша 9,1 мың тонна мұнай өндірілген. Өзінің оң нәтижесін көрсеткен «Ұңғымаларды бір мезгілде – бөлек пайдалану» әдісін 2025 жылы жалғастырып, Ембінің басқа да кен алаңдарына енгізу күн тәртібінде.

Тағы бір инвестициялық жоба – «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының **Оңтүстік-**

сында тұрған байырғы кеңіштер екені баршаға мәлім. Осыған орай, кезек күттірмес мақсаттың бірі – ескі кен алаңдарының «екінші тынысын» ашу. Ембілік жауапты мамандардың дәйекті пікірлерін мұқият тыңдаған Асхат Ғалымұлы қолға алған жұмыстардың жақсы тұстарын атап өтті.

«Мұнай беруді арттыру мәселесіне ден қоя отырып, операциялық тиімділікті арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет», – деп түйіндеді жиынды А.Хасенов. **ЕТ**

ЕСЕПТІ ЖИЫН

ӨНДІРІС МӘДЕНИЕТІ ӨЗІМІЗДЕН БАСТАЛАДЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның Бас директоры Ринат Ізмұханбет төрағалық еткен кеңейтілген жиында компанияның өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау бойынша 2024 жылдың есебі тыңдалып, бүгінде күн тәртібіне көтерілген өзекті мәселелер талқыланды. Өндірістік-құрылымдық бөлімшелердің басшылары аталған мерзім ішіндегі нәтижесін тапқан іс-шараларға жан-жақты тоқталып, Ембі кен алаңдарының бүгінгі ахуалынан мәліметтерді алға тартты.

Компанияның ұстанған басым бағыттарының бірі – кен орындарында қауіпсіз жұмысты қамтамасыз



етіп, адамның өміріне келер қатерлі оқиғалардың алдын алу. Бұл орайда, игеру жұмыстары жүріп жатқан барлық кен орындарында өндірістік қауіпсіздікті

қатаң сақтау барысы – жіті назарда. Алайда, апатты жағдайлардың орын алып отырғаны жасырын емес. Бүгінде барлық басқарма кеніштерінде қызмет етіп

жатқан мердігер мекемелердің тарапынан болатын келеңсіз жәйттар да тұтас компанияның көрсеткіштеріне кері әсерін тигізуде. Бұл мәселеге кеңінен тоқталған басшы оларды мердігер деп емес, бизнес әріптес ретінде қабылдап, ортақ жұмысты бірлесе атқаруға шақырды.

– Бүгінде игеріліп жатқан 31 кен алаңының әрқайсысында қауіпсіз жұмысты толық қамтамасыз ету – тапсырыс берушінің де, орындаушының да ортақ жауапкершілігінің көрінісі. Яғни, бір-бірімізді бизнес әріптес ретінде қабылдап, ортақ мәмілеге жету жолындағы бірлескен жұмысты жолға қойғанда ғана өндірістік қауіпсіздікті сақтауда нөлдік көрсеткішке қол жеткіземіз, – деген Р.Ізмұханбет қауіпсіздікті сақтауда бірыңғай жүйеге көшуді тапсырды.

Кеңейтілген жиында өндіріс мәдениетін жандандыру, ішкі тәртіпті нығайту, компания ішкілік бекітілген құжаттардың талаптарын сақтау (өндірістегі жеке көліктердің қозғалысына шектеу қою т.б.) мәселелері кеңінен айтылды.

Жиында көптің көкейіне қонған тағы бір мәселе – орта буын басшылардың жауапкершілігін нығайту. Цех бастықтары, өндіріс шеберлері өздеріне жүктелген жауапты міндетті орындауда белсенділіктерін арттыру керек.

«Өндірістің орта буын басшылығы – командир деген ұғымға лайық болуы тиіс. Олар – қол астындағы әрбір адамның өміріне бірден-бір жауапты адамдар. Барлық өндіріс алаңдарында вертикалды басқаруды жандандыру маңызды. Біз әрбір орта буын басшылықтың белсенділігін арттыру арқылы өндірістің тынысын кеңейте аламыз. Сонда ғана өндірістің қауіпсіздігін арттырамыз» деген оймен Ринат Нұрғожаұлы кеңейтілген жиынды қорытты.

Өзекті тақырыпқа қатысты мәселелер мердігер мекеме басшылары мен өкілдерінің қатысуымен өткен жиынның екінші бөлімінде де кеңінен талқыланды. **ЕТ**



ПІКІР АЛҒАНЫ

АШЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ КЕПІЛІ

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАРДА ЕМБІНІҢ ЖОБАЛАРЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



Квизимемлекеттік секторлардың алдында тұрған басты міндеттің бірі – барынша ашық қызмет ету. Жергілікті халықпен тығыз байланыс орната отырып, олардың пікірлері мен ұсыныстарына құлақ түру. «Ембімұнайгаз» АҚ өзінің жоспарлы іс-шараларын ұйымдастырарда ашық жұмыс әдісін орнатуды жолға қойып келеді. Әрине, бұл ретте барынша халыққа жақындай түсудің жолдары көп.

Отандық мұнай өндіруші компания Атырау облысының тұрғындарымен жүйелі байланыс орнатуға қол жеткізіп келе жатқанын атап өткен жөн. Соның бірі – өңірлерде қоғамдық тыңдауларды тұрақты ұйымдастыру. Әлеуметтік маңызы зор жобаларды жұртшылықпен ақылдаса, кеңесе отырып, қолға алуды жолға қойып отыр. Ембіліктер осы үрдіспен 2025 жылды халықпен кездесуден бастады.

Биылғы жылдың алғашқы қоғамдық тыңдауы Жылыой ауданының Қосшағыл елді мекенінде өтті. Жергілікті тұрғындардың қатысуымен өткен қоғамдық тыңдау «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты «Батыс Прорва кен орнындағы газ ұңғымалар құрылысының топтық техникалық жобаларының қоршаған ортаға әсер етуіне орай келісім алу» мақсатында ұйымдастырылды. Жиынға ауыл әкімі бастаған жергілікті тұрғындар ауылдың мәдениет ошағында жиналса, эко белсенділер онлайн форматта байланысқа

бақылау, өндіріс және тұтыну қалдықтары мониторингісінің есептері шығарылды. Ол жұртшылықтың назарына ұсынылды.

Қосшағылдықтармен өткен қоғамдық тыңдаудың қорытындысында жаңа жобалар кәсіпорынның жаңа өндірістік көзін табу мақсатында жасақталғанын, эмиссиялар нормативтері заңнамалық талаптарды ескере отырып есептелгені, осылардың нәтижесінде құжаттар ҚР заң құжаттарының талаптарына сәйкес дайындалғаны турасында хаттама толтырылды.

В селах Мукур Кызылкугинского и Аккыстау Исатайского районов прошли общественные слушания по реализации проектов по обустройству скважин на месторождениях нефтегазодобывающих управлений «Кайнармұнайгаз» и «Жайыкмұнайгаз». В них приняли участие жители сел, представители общественных объединений, экоактивисты. Государственные контролирующие органы в лице департамента экологии Атырауской об-

ласти и Атырауского областного управления природных ресурсов и регулирования природопользования присутствовали онлайн.

Благодаря общественным слушаниям Эмба реализует право населения на участие в принятии решений касательно будущего экономики районов его проживания и гласность государственной экологической экспертизы. Кроме того, компании важно знать мнение жителей по вопросам охраны окружающей среды, использования природных ресурсов, учету социальной составляющей при планировании и освоении новых нефтяных скважин.

В НГДУ «Кайнармұнайгаз» в рамках проекта предусмотрено обустройство 10 добывающих скважин и 1 нагнетательной скважины на территории месторождений Восточный Молдабек, Уз Восточный и Б. Жоламанов. Проект предполагает строительство сооружений по добыче, сбору и транспортировке углеводородов, автоматизацию и электрооборудование проектируемых объектов, монтаж автоматизированной групповой замерной установки и другие меры по обустройству.

Понимая, что особую обеспокоенность жителей вызывают экологические аспекты, представители разработчика – ТОО «ЭКО НАЙС» рассказали, что воздействие на атмосферный воздух в период проведения строительно-монтажных работ ожидается при лакокрасочных и сварочных операциях, работе автотранспорта на дизельном топливе и неэтилированном бензине и других видах работ. Объем ожидаемых выбросов, по прогнозу, составит около 2 тонн, при этом 65 % придется на долю неорганической пыли.

Выбросы загрязняющих веществ в атмосферный воздух будут иметь кратковременный характер, подчеркнули разработчики. Для

минимизации отрицательного воздействия на окружающую среду при обустройстве запланированы сопутствующие природоохранные мероприятия. Все проектные изыскания ведутся в соответствии с требованиями экологического законодательства Республики Казахстан.

В НГДУ «Жайыкмұнайгаз» планируется обустроить 6 скважин на месторождениях Забурунь, Жанатап и ЮЗК. В рамках проекта, разработчиком которого является ТОО «Болат-Д», предусмотрено оборудование площадок скважин, выкидных линий от скважин до соответствующих групповых замерных установок, строительство воздушных линий электропередач мощностью 6 кВт. При этом трассы выкидных линий спроектированы в виде единого коридора с учетом существующей инфраструктуры месторождений. Объем образующихся отходов составят более 12 тонн, в основном, это строительный мусор, металлолом, коммунальные отходы и др.

В целом, в связи с удаленностью объектов от населенных пунктов, серьезного воздействия на здоровье населения не ожидается. При соблюдении правил обращения с отходами и мероприятий по их хранению и утилизации загрязнение воздуха, почвы и подземных вод не прогнозируется, а влияние проектных работ на окружающую среду оценивается как локальное, низкое и временное, подчеркнули авторы проекта.

На общественных слушаниях всем желающим гражданам и представителям общественных объединений была предоставлена возможность выразить свое мнение по проектам. Жители сел задали интересующие вопросы, на которые разработчики и компетентные специалисты АО «Эмба-мұнайгаз» дали полные развернутые ответы.

Возможность высказаться и быть услышанными всем сторонам-участницам проектов по разведке и добыче нефти и газа АО «Эмба-мұнайгаз» считает наилучшей стратегией для формирования устойчивого будущего. Вовлеченность и поддержка населения дает долгосрочный эффект, который выражается в поиске и соблюдении баланса интересов граждан, бизнеса и государства, социума и окружающей среды через формирование и принятие оптимальных решений. ЕТ



қосылды.

«Қосшағыл» мәдениет үйінде өткен қоғамдық тыңдауда ауыл тұрғындары өздерін мазалаған сауалдарын қойса, қоғам белсенділері, экология жанашырлары «атам-мыш құрылыстың қоршаған ортаға қандай зиянды әсері болуы мүмкін?» деген мәселені алға тартты. Көпшілікті мазалаған сауалдарға компанияның және мердігер кәсіпорынның жауапты мамандары тұшымды жауаптарын алға тартты. Жан-жақты түсіндіріліп, талапқа сай сараптама жұмыстарының нәтижесі назарға ұсынылды. Бұл жобаның табиғат ортасына кері әсерінің жоқтығы жан-жақты талқыланып, жауапты мамандар өз ұстанымдарын саралап, жүйелеп таныстырды.

Бұл орайда «КМГ Инжиниринг» ЖШС-не қарасты Атырау филиалының мамандары қоршаған ортаның қазіргі жағдайына қатысты арнайы мониторинг жасаған. Онда қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингі, атмосфералық ауаға, жер үсті және жер асты суларына, топыраққа және радиациялық



ФОТОРЕПОРТАЖ

Кен алаңдарының тыныс-тіршілігін, жұмысшылар еңбегін насихаттап, «қара алтын» өндіру саласына үлес қосып жүрген сала өкілдерін кеңінен таныстыру мақсатында фоторепортаж дайындау үшін «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Шығыс Мақат кен алаңына арнайылап келдік.

Мұхтар Дәулетов жоспарлы жұмыстардың қалыпты ағыммен жүруде екенін айтып, қауіпсіздік мәселесінің ең басты орында екенін де айрықша атап өтті. Өндіріс көрсеткіштерінің жоспарға сай орындалуы жолында аталған цехқа қарасты: мұнай өндіру, жерасты қабат қысымын сақтау және қолданыстағы құрал-жабдықтарды жөндеу бригадаларында екі ауысыммен еңбек ететін 68 қызметкердің үлесі зор екеніне тоқталды. Айта кетейік, пайдалану қорында 86 ұңғыма. Оның 6-ы бұрғанды сораппен, қалғандары тербелмелі сораптармен жұмыс жасауда.



БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС – БЕРЕКЕЛІ

Сапарымыз барысында кен орнының қалыптасу кезеңін, кешегі мен бүгінін кеңінен



таныстырған «Доссормұнайгаз» МГӨБ Өндірістік-техникалық бөлімінің бастығы **Хахим Омаров** 1993 жылы ашылған өндіріс ошағында қазіргі таңда мұнай жән газ өндіру, мұнайды дайындау және айдау, ұңғымаларды жерасты жөндеу, зерттеу жұмыстары цехтары және арнаулы автокөліктер колоннасы және газды дайындау учаскесі бар екенін айтып өтті. Кен алаңына келген сәтімізде бірінші болып, көзімізге түскені – құрылыс жұмыстарының жүріп жатқаны. Бұл – кен орны әкімшілігінің жаңа ғимаратының құрылысы. «Қазіргі уақытта санаулы ғана мамандар 2002 жылы салынған шағын кеңседе отыр. Жаңа нысан тапсырылған кезде кен орнындағы барлық инженер техникалық (ИТР) қызметкерлер бір жерге топтасады» дейді Х.Омаров.

Ал, **№3 мұнай-газ өндіру цехы бастығының орынбасары**

Шығыс Мақат МГӨЦ қарасты 2 мұнай өндіру бригадасы бар. Біріншісі Шығыс Мақатта болса, екіншісі 30 шақырым жердегі Солтүстік Жолдыбай кен алаңында. Ол жерде 29 ұңғыма бар, 30 жұмысшы еңбек етуде. Асхана және жатақхана бар.



Атқарылып жатқан жұмыстарды таныстырған **Мақаттағы мұнайды дайындау және айдау цехы бастығының орынбасары Дулат Жанасов** цехтың 2006 жылы құрылғанын және штатта 47 жұмысшы еңбек ететінін атап, технологиялық процесті қысқаша баяндады. Газ дайындау учаскесі 2013 жылы қосылған. Өңделген газ 3 бағытта тапсырылуда. Шығыс Мақат, Солтүстік Жолдыбай кен алаңдарының аумағындағы әлеуметтік, өндіріс нысандарына және Мақат-Сағыз құбырына жіберіледі. Жұмысшылардың әлеуметтік жағдайларының жасалуы да басты назарда. Кен алаңында әрқайсысы 50 орындық – 2 жатақхана, 30 орындық 1

жатақхана және 1 асхана бар. Әдетте мұнай-газ өндіру саласын көбіне ер-азаматтарға тән жұмыс санаймыз. Десек те, осы салада табысты еңбек етіп жүрген **сусыз-**

айдау цехының инженер химигі Гүлнар Кушкинбаева жұмыс барысымен толық таныстырып өтті. «Мұнай құрамындағы әртүрлі компоненттерді анықтаймыз. Та-



құрамындағы суды анықтаймыз. Инженер химик және 4 лаборант болып, екі ауысыммен жұмыс жасаймыз» дейді ол. Бұдан соң, Шығыс Мақат кен орнының арнаулы техника және арнайы көлік колоннасының гаражына



Мұнай дайындау және тасымалдау шебері Әнуарбек Түрсиеттің нұсқамасымен операторлар Нұрбек Смаилов пен Бағытжан Ташенов фильтр тазалау жұмыстарын жүргізуде



Арнаулы көлік керуенінің машинисі Қайрат Түсіпқалиев: «Көлігімді үнемі тексеріп, «тынысын» қадағалау – ширек ғасырлық еңбек өтілімнің басты қағидасы»



келдік. **Колонна бастығының орынбасары Нұрлан Қалиев:** «Доссормұнайгаз» МГӨБ бойынша 2 колонна болса, соның бірі – осы. Гараж 40 орындық, 2015 жылы пайдалануға берілген. Қазіргі таңда 135 адам еңбек етеді» дейді. Бұл жерде 106 бірлік техника бар, негізінен – арнаулы техника. **ЕТ**



дандыру және тұзсыздандыру қондырғысының операторы **Занзия Байгүршимова** мен технологиялық қондырғылар машинисі **Шолпан Нұрқасимова** – 40 жылға жуық еңбек тәжірибесі бар білікті мамандар. Ер-азаматтармен иық тірестіре еңбек етіп жүрген қос әріптес «Осы ауысымда еңбек етіп жүрген нәзікжанды операторлар – тек біз» дейді. Кен алаңындағы келесі кезекте барған нысанымыз – Химиялық талдау жасау лабораториясы. Ғимарат 2024 жылы күрделі жөндеуден өткен, қызметкерлердің жұмыс жасауы үшін де, уақытылы тынығуы үшін де барлық жағдай жасалған. **Мақат мұнай дайындау және**

уарлы мұнай құрамындағы суды, хлорлы тұздарды, тығыздықты, тұтқырлықты, фракциялық құрамын, ал, шикі мұнайдың



ТАҒЫМ

ЖЕҢІС ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАНКЕШТІ ЕҢБЕК

Биылғы атаулы оқиғалардың бірі – Ұлы Жеңістің 80 жылдығы. Бұл күн – өшпес рух дәріптелетін, батырлыққа тағзым ететін күн.

Тарихтың бұлжымас бөлшегіне айналған атаулы датаның әр отбасы үшін әсері бар. Өйткені, біз – Отанды қорғаған, майдан даласынан оралмаған, тылдағы жанқиярлық еңбегімен жеңіске қол жеткізгендердің ұрпағымыз.

Кешегі Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі ембілік мұнайшылардың Жеңіске қосқан үлесі ұшан-теңіз. Соғыстан кейін тоқыраған шаруашылықты қалпына келтіру жұмыстарында да мұнайшылардың үлестері мол. Бүгінгі ұрпақ аға буынның осынау ерліктері мен еңбектерін біліп өсуі керек. Соған сай, бірліктің бейбітшілікке бастайтынын паш еткен Жеңіс мерекесіне орай, «Ембі тынысы» арнайы айдар ашып отыр. Бүгін соғыс жылдарындағы ембілік мұнайшылардың еселі еңбегі, қосқан зор үлесі туралы жалпылама материалды назарларыңызға ұсынамыз.

1941 жылдың 22 маусымы. Шабуыл жасаспау туралы КСРО мен Германия мемлекеті арасындағы келісім-шартты опасыздықпен бұзып, фашистер тұтқиылдан басып кірді. Басқыншылық туралы радио арқылы кеңінен түсіндіріліп, Ембі мұнайшылары үндеуге үн қосты.

Алғашқы күндерде-ақ, Гурьев қаласындағы мұнайшылар стадионында соғысты айыптаған мыңдаған адам қатысқан үлкен митинг ұйымдастырылып, жиын соңында майданға сұранған жастар облыстық әскери комиссариаттың алдына жиналды.

Гурьев қаласында майданға баратындарды тіркейтін арнайы бөлім ашылып, аз ғана уақыттың ішінде 35 мыңнан астам адам майданға баруға өтініш берген. Гурьев мұнайшыларының бастамасын ақтөбелік мұнайшылар да қолдады.

Майдандағы негізгі қарулар – ұшақтар мен танкілерді қозғалысқа келтіретін мұнай мен мұнай өнімдерінің соғыс басталғаннан-ақ ерекше маңызға ие болғаны белгілі. Оған қоса, Грозный, Майкоп, Краснодар сияқты ірі мұнай провинцияларының алынуы кеңес басшылығының алдына жаңа міндеттер қойды. Табиғи байлыққа толы Қазақстанның маңызы артып, басты назарда тұрды.

Соғысқа дейінгі жылдары КСРО бойынша Қазақстан мұнай өндіру ісінің орталығы болған емес. Дегенмен, сол кездегі жетекші геологтардың Орал-Ембі аумағының беретін өнімінің ауқымдылығы жағынан мұнай өндіру саласының лидері болған Бакумен қатар тұру мүмкіндігі бар деген болжамдары бір жерден шығып жатты.

Сол кездің деректеріне сүйенер болсақ, Гурьев обкомының КК(б)П пропаганда жөніндегі секретары С.Төлебаевтың 1941 жылғы 25 шілде күні жарыққа шыққан «Социалистік Қазақстан» газетіндегі мына жазбасында сол кездің шынайы көрінісі сипатталған: «... облыстың мұнайшылары Отан соғысы күндерінде мұнай өндіру планын орындамаушылықты жойды. Қазақстан мұнай комбинатының Ембі промыселдеріндегі көбі мұнай өндіру пландарын үнемі асыра орындап, еліміз үшін, айбынды Қызыл Армиямыз үшін күн сайын мұнайды планнан артық беріп жүр. Мұнай комбинатының Байшонас, Қосшағыл кәсіпшілігі шілде айында елімізге планнан тыс көп мұнай берді. Байшонас кәсіпшілігінің мұнайшылары мұнай өндірудің 7 айлық жоспарын мерзімінен 14 күн бұрын 17 июльде толық орындап



Қайнаған еңбек ортасында

шықты. Июль айының қалған күндерінде Отанымыздың, Қызыл Армияның қажетіне жоспардан тыс көп мұнай берді. Байшонас кәсіпшілігіндегі мұнай өндіруші мастер Жұбаниязов жолдас күн сайын 8-10 тонна мұнайды артық өндіріп отырды. Қосшағыл кәсіпшілігіндегі коммунист Өтешов жолдас бастаған бірінші учаске мұнай өндірудің он күндік планын үнемі 120-125 процентке орындап отырды. Қосшағыл промыселінің

өндіру үшін шикізат жеткізуші қуатты күшке айналды.

1943 жылы жағдай шиеленісіп, одақтық өнім екі есеге құлдырады. Осы кезде Қазақстан мұнайшылары еңбекте ерекше ерлік көрсетіп, 1943 жылы өнім мөлшерін 1 млн тоннаға дейін жеткізіп, одақтық өнім алуға республиканың абыройын үш есеге көтермелеп тастады. Соғыс жылдары

мұнайшылары Сталин жолдастың радио арқылы сөйлеген сөзін ести салысымен-ақ, Сталиннің құрметіне вахта ұйымдастырды. Сталиндік вахтаға бірінші болып тұрған мұнай өндіруші мастер, коммунист Канатбаев және мастерлер Егізбаев, Есениязов жолдастар қазір күн сайын мұнайды планнан артық беруде...»

Неміс әскерінің қарқынды шабуылы барлық мұнай провинцияларының консервациялануына әкеп соқтырды. Олардың Сталинградқа бағыт алуы Волга өзені арқылы мұнай тасымалдауды 4 есеге қысқартты. Осындай жағдайларда Қазақстан резервті мұнай транзитінің стратегиялық ролін атқарумен қатар, отын

Соғыс жылдарында мұнайшылар жұмысты бір минутқа да тоқтатпады. Бұл жылдары Ембіде мұнай соғыс алдынағы бесжылдыққа қарағанда 39 %-ға көп өндірілді. Соғыс кезіндегі қиындықтарға қарамастан Комсомол-Мақат, Қошқар-Сағыз мұнай құбырлары жүргізіліп, Қамыскөлдегі бу турбиналы электр стансасы мен Гурьев мұнай өңдеу зауыты салына бастады. «Қазақстанмұнай» өндірістік бірлестігі болып қайта құрылған «Ембімұнай» тресінің құрамына 1945 жылы Қазақ ССР-нің мұнай саласының барлық кәсіпорындары енді.



Комсомол кәсіпшілігінің жастары. 1943 жыл



Саланы үйренуге келіп тұрған жастар. 1941 жыл



Мұнай жөнелту процесі. 1943 жыл

Ембі соғысқа дейінгі бесжылдықтармен салыстырғанда мұнайды 1,4 есеге артық өндірді.

Бұл орайда Атырау жерінде мұнайдың жаңа көздерін іздеу жұмыстары кеңінен жүргізіліп, мұнай бұрғылаудың жаңа әдістері өмірге келгенін айта кеткен жөн. Майталман мұнайшылардың еселі еңбегінің арқасында жаңа кен орындары ашылып, пайдалануға берілді.

Соғыс жылдарында мұнайды мол алудың жаңа әдістерін жүзеге асыруға ерекше көңіл бөлінді. Соның арқасында одаққа тұңғыш рет мұнай өндірудің екінші әдісі, яғни, қабат қысымын су айдау арқылы көбейту тәсілі 1943 жылдың тамызында Доссор кәсіпшілігінде жүзеге асты. Келесі жылы Мақат кәсіпшілігінің ұжымы бірінші юра қабатына су айдайтын қондырғыны іске қосты. Соғыстың соңына дейін Мақат пен Доссор кәсіпшіліктері осы әдіспен қосымша 14 мың тоннадан астам жоғары сапалы мұнай өндірді.

Соғыс адамдарды жұмылдырумен қатар елдегі қаржылай ресурстардың да жұмылуын талап етті. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ Қазақстан жұмысшылары әр жерлерде қорғанысқа қаржылай қор жинауды ұйымдастыра бастады. Тек Ескене мұнайшыларының өзі ғана «Қазақстан мұнайшысы» колоннасының құрылысына 2 млн. рубль жинап тапсырған.

«Майданға мұнайды көп берейік!» деген ұран – жәй ғана жалынды сөз емес, сол бір қаһарлы жылдарда жеңісті жақындатуға үлес қосуға мұнайшыларды жұмылдырған өмірлік ұстанымға айналды. Дауылпаз ақын Асқар Тоқмағамбетовтың «Мұнайшылар, мұнай бер!» шығармасы да Ембі жұмысшыларының одан ары тың күшпен жұмыс жасауына серпін берді.

Осылайша, жұмыла жасалған еңбек нәтижесінде соғыс жылдарында Гурьев облысы Қазақстандағы ірі өнеркәсіптік аймақтың біріне айналды.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Атырау мұнайшыларына үлкен жауапкершілік жүктелді. Тарихи деректерге сүйенсек, сол кезеңде Атырауда өндірілген «қара алтын» тікелей майданға жөнелтіліп отырған. Кей деректерде сол жылдары бұл өңірде 43 мың тонна мұнай өндірілген. Соғыс басталысымен бұл өңірдегі мұнай кәсіпшіліктері өнім өндіру көлемін ұлғайтты. Жаңа кен орындары да іске қосылды. Осылайша, ембілік мұнайшылар 1941 жылы «қара алтынды» 24,4 пайызға артық өндіруге қол жеткізеді. Ал, Ескене мұнай кәсіпшілігі 1941-1942 жылдар аралығында Мемлекеттік Қорғаныс Кеңесінің Қызыл туын сегіз мәрте жеңіп алды.

P.S. Бүгінгі жазба – жалпы ахуалға қатысты деректер. Жеңіске үлес қосқан ембілік мұнайшылар тақырыбы терең әрі қомақты. Алдағы уақытта да бұл топтамалар жалғасатын болады. **ET**

РЕДАКЦИЯДАН:

Сонымен қатар, газеттің келесі шығарылымдарына жазатын кейіпкерлі сіз де жолдай аласыз, әріптеc! Әке, аталарыңыз, олардың ерлік істері, тылдағы тірліктері туралы материалды Қоғаммен байланыс тобының маманы Гүлжан Амированың g.amirova@emg.kmg.kz почтасына жібере аласыздар. Байланыс телефоны: 993209/21309.

ЖАҢА ЖОБА

ЕҢБЕК АДАМЫ – ЕЛ БАЙЛЫҒЫ

Жұмыстың жаманы жоқ, кез-келген еңбек қадірлі. Бастысы – жауапкершілікті терең сезіну, сапалы жұмыс жасау. Қазақстан Республикасының Президенті

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығына сай, биыл – Жұмысшы мамандықтарының жылы. Атаулы жылдың басты мақсаты да осы. Яғни, табанды еңбектің табысқа жетелейтін негізгі тетік екенін терең түсіндіру, кәсібіне адал адамның лайықты бағасын алатынын қоғам санасына сіңіру.

Ғасырдан астам уақыт қара алтын өндіріп, ел экономикасының дамуына үлес қосып келе жатқан Ембі өндірісі бірнеше сала қызметін топтастырып отыр. Соның ішінде, жұмысшы мамандықтарының да өзіндік алар орны бар.

Біздің атаулы айдардың бүгінгі кейіпкерлері – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ қызметкерлері. Бұл бастама алдағы уақытта да жалғасып, жыл бойы жарық көреді.



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ



Жәнібек ЖҮПІНІСОВ, Арнаулы техникалар және автокөліктер колоннасының цементтеу агрегатының моторисі (машинисі):

«БҰЛ – БАСПАЛДАҚ»

– «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына 1997 жылы жұмысқа орналасып, арнаулы көліктер керуенінде слесарь болып еңбек жолымды бастадым. Содан бері 30 жылға жуық уақыт болды осы ұжымдағы қызметімді жалғастырып келемін.

Арнаулы техникаларды жүргізу саласында көп жылдық еңбек өтілі бар қызметкер ретінде айтарым, бүгінгі жағдаймен бұрынғы кездерді салыстыруға мүлдем келмейді. Қазір арнаулы техникалардың түрі де көп, жаңарған, саны да көбейді. Бұрын арнайы ангар, жылы бокстар болған жоқ. Қазір жұмыс жасау жеңілдеді.

Әр жұмыстың өз қиыншылығы болатыны белгілі. Мысалы, «Көлік жүргізу – рөлге отырдың, болды!» деген сөз емес. Қауіпсіздікті сақтау қажет, жауапкершілікпен атқарылатын жұмыс.

Қара алтын өндіру саласында бірнеше сала мамандары тоғысқан. Оператор, слесарь, elektrik сияқты көптеген мамандық иелері бірлесе еңбек етуде. Мұнай өндіру оңай емес. Машақаты мол. Табандылықты, күш-қайратты, жауапкершілікті және ең бастысы бірлескен жұмысты қажет етеді.

Биыл Президент Жарлығымен «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жарияланып отыр. Бұл – жастардың өсуіне, қай саланың болмасын дамуына оң әсерін тигізетін бастама. Себебі, бұл мамандық – кез-келген саланың алғашқы баспалдағы. **ЕТ**

Сергей САПАРОВ, №1 мұнай және газ өндіру цехының қабат қысымын сақтау операторы:

«ЕҢБЕК ЕТЕМІН ДЕГЕНГЕ МҮМКІНДІК МОЛ»

– Мен – әке-анамның жолын жалғаған ұрпақпын. Мартыши кен орнында ұңғымалар бастап қазылып, іске қосылғаннан кейін жұмысшылар керек болды. Сол уақытта әкем де, анам да мұнайшы болғандықтан, 1970 жылы Доссордан Аққыстауға қоныс аудардық. Әкем Мутиғолла Сапаров – арнайы техника жүргізушісі, анам Жұмазия Қапанова мұнай дайындау, айдау цехында жұмыс жасады. Ағаларым да осы салада еңбек етті, қазір зейнеткер.

Өзім 1984 жылдан бері осы салада қызмет атқарып келемін, 41 жыл еңбек өтілім бар. Соның 10 жылында құрылыс саласында, 28 жылында ұңғымаларды жерасты жөндеу цехында жасадым. Ал, соңғы екі жылда қабат қысымын сақтау цехындамын.

Шыны керек, 2000 жылдарға дейін қиын болды. Ұңғымалардың басына жету қиын, жол азабын тартушы-ақ едік. Арнаулы көліктер аз, жаңбырлы, қарлы күндері ұңғыма басына жете алмаймыз. Ал, қазір тасымалдауда еш кедергі жоқ, жатақхана, асхана бәрі жақсы, әлеуметтік жағдайымыз жасалған.

Негізінде, жұмыс жасаймын деген адамға барлық мүмкіндіктер бар. Кез-келген жұмыстан қашпау керек. Қарапайым жұмысшыдан еңбек жолын бастаған адамның тәжірибесі де, салаға қатысты білімі де мол болатыны сөзсіз. **ЕТ**



Бауыржан САЮПОВ, Ұңғымаларды жер асты жөндеу цехының ұңғымаларды жер асты жөндеу операторы:

«ӘРҚАШАН ҚАЖЕТТІ МАМАНДЫҚ»

– Осы салада жұмыс жасап келе жатқаным 15 жыл болды. Жұмысымыздың ауырлығы басымырақ. Біздің сала күш-қайратты талап ететіндіктен көп жағдайда жастарға қолайлы.

Рас, бұрын осы жұмыстардың басым бөлігі қол күшімен жүргізілсе, қазір техникалар тартылған. Десек те, күш-қуаты тасыған жастардың нағыз сыналатын, сол арқылы шыңдалатын жері осы. Осы салада еңбек етіп жүргеніме мақтанамын.

Жұмысшы мамандықтарының жылы деп атаулы жылдың жариялануы – дұрыс шешім. Өйткені, бұл мамандықтар – өміршең, қай салада болмасын өзіндік орны бар. Қашан да уақыт көшінен қалмайды, бізбен бірге өмір бойы жүреді.

Еңбексіз жерден мұнай шықпайды. Сондықтан, қарапайым мамандық иелеріне құрмет көрсетуді мақсат тұтқан атаулы жыл көптеген өзгерістер алып келетініне сенемін. **ЕТ**



БІЗДІҢ КӨРСЕТКІШ

ЕмбіМұнайГаз

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ 2024 ЖЫЛҒЫ САЛЫҚ АУДАРЫМДАРЫ

ҰЛТТЫҚ ҚОРҒА

108 млрд 444 млн. теңге,
2023 жылмен салыстырғанда
21 млрд 526 млн. теңгеге көп

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТКЕ

43 млрд
344 млн. теңге

ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТКЕ

16 млрд 073 млн. теңге

Барлығы: 167 млрд 861 млн. теңге

Азамат ТАУПИХОВ, Мұнай дайындау және айдау цехының сусыздандыру және тұзсыздандыру қондырғысының операторы:

«БАСҚАРМАНЫҢ «ЖҮРЕГІН» БАҚЫЛАЙМЫН»

– Басқармаға 1999 жылы жұмысқа орналастым, 26 жылдық еңбек өтілім бар. Соңғы 7 жылдан бері мұнай дайындау және айдау цехында еңбек етіп келемін.

Жұмысым екі бөлікке бөлінеді деп айтуға болады. Яғни, майдың сапасын үш фазалы сепаратор арқылы үнемі бақылаймыз. Көрсеткіштерді онлайн жүйеде қарап отырамыз. Екі сағат сайын сынама алып, лабораторияға тапсырамыз. Жұмыс тоқтаусыз, 24 сағатқа жалғасады. Яғни, 12 сағаттық ауысыммен жасаймыз.

Менің жұмыс орнымды негізгі орталық – басқарманың «жүрегі» десек те болады. Бұнда жалпы ахуалды, жүйенің тынысын тап басып, барлық көрсеткіштерді үнемі назарда ұстап отырамыз.

Ал, жұмысымның екінші бөлігінде сырттағы объектілерді айналып, үздіксіз бақылауда ұстаймыз. Жұмысым қызықты әрі жауапкершілігі жоғары.

Жалпы, мамандықтың, жұмыстың жаманы болмайды. Соның ішінде жұмысшы мамандығы – өте қызықты. Бұл – еңбекке алғашқы қадам жасайтын бағыт. Тәжірибе жинауға мүмкіндік. Сондықтан, ешқашан жұмысшы мамандығынан қашпау керек. **ЕТ**



Редакциядан:

Газетіміздің биылғы жарыққа шығатын сандарының соңғы бетін танымдық, қызықты тақырыптарға арнаймыз. Қазіргідей интернет қарыштап дамыған заманда ақпараттар легі көп-ақ. Соған сай, бүгінгі күні өзекті болып, көп талқыланатын мәселелерді біз де назарда ұстауды жөн көрдік.

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

ҰРПАҚТАР АУЫСУЫ: АКИКАТ ПА, АНЫЗ БА?

Шынын айту керек, бәріміз де алдыңғы буыннан «Біздің кезімізде бұндай болмап еді» немесе «Бүгінгінің балалары біз сияқты емес» деген сөздерді жиі естиміз әрі өзіміз де осыны айтамыз. Демек, әр буынның арасында қандай да болмасын өзгеріс, алшақтық байқалады.

ҒАЛЫМДАР НЕ ДЕЙДІ?

Ғалымдар да жас ерекшеліктерінің айрықша белгілері туралы бұрыннан айтып келеді. Жалпы, бұл ұғым 1990-шы жылдардың басында АҚШ зерттеушілер Нейл Хоув және Уильям Штраустың еңбектерінде көрініс тапқан. Әлеуметтік-экономикалық даму, саясаттағы жағдай, қоғамның технологиялық дамуы сияқты салаларды саралаған қос ғалымның теориясын бір тарап «батыл әрі ерекше тұжырым» деп қабылдаса, екіншілері «асыра сілтеу» деп сынға алған.

Бірақ, әр ұрпақ белгілі бір жылдар өте келе жаңарып отыратынын мойындайтын дәйектер кездесетіні жасырын емес. Соған сай, ұрпақтардың ауысатыны ғылыми дәлелденген. Бұл – қоғамның даму барысында жаңа ұрпақтардың дүниеге келуі, олардың өмір салты, дүниетанымы, құндылықтары мен әлеуметтік жағдайларының алуан түрлілігінен пайда болатын өзгеріс. Әр ұрпақ жаңа технологиялар, әлеуметтік, экономикалық және саяси жағдайлардың әсерінен қалыптасады. Олардың ерекшеліктері мен қасиеттері өз кезеңінің тарихи контекстіне сәйкес келеді.

Ұрпақтарға қатысты айтылып жүрген кезеңдерде 2-5 жылды құрайтын алшақтық та кездеседі. Сонымен қатар, санаттар географиялық орналасуға байланысты да өзгеруі мүмкін. Интернет желісіндегі ақпараттарға сүйене отырып, саралап көрелік.

SILENT GENERATION

1928-1945 жылдар аралығында туғандары Silent Generation немесе «Үнсіз ұрпақ» деп атайды. Кейбір деректерде бұл санат 1923-1942 жылдар аралығын қамтиды. Бұл ұрпақ екінші дүниежүзілік соғыс және кейінгі кезеңдегі ауыр экономикалық жағдайларда өскен. Олар көбінесе тыныштықты, тұрақтылықты, тәртіпті және қоғамдағы дәстүрлерді жоғары бағалаған ұрпақ ретінде сипатталады.

Бұл буын өкілдері көбіне өздерінің жеке

пікірлерін ашық айтудан сақ болған, олар үшін отбасы құндылықтары, еңбекқорлық және қоғамда белгілі бір рөлді атқару маңызды болды.

Ерекшеліктері: адалдық, ережелерді сақтау, заңға бағыну, қызметке, лауазымға деген құрмет, ар-намыс, шыдамдылық, төзімділік.

БЕБИ-БУМЕРЛЕР

1946-1964 жылдары туған (кей мәліметтерде 1943-1962 ж.т.) яғни, екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңдерде дүниеге келген ұрпақтың бұлай аталуы осы уақытта әлемде халық санының күрт артуымен байланыстырылады. Олар дәстүрлі құндылықтарды жоғары бағалайды, отбасылық қатынастар мен еңбекқорлықты ұстанады.

Беби-бумерлердің өкілдері жұмысқа үлкен жауапкершілікпен қарайды және көп жағдайда дәстүрлі өмір салтын ұстанады. Әкелері соғысқа қатысқандықтан бұл ұрпақ өзін «жеңімпаз ұрпақ» деп санаған.

Ерекшеліктері: оптимизм, карьераға құштарлық, ұжымшылық.

X ҰРПАҒЫ

1965-1980 жылдары дүниеге келген (1963-1984 жылғылар деп те көрсетілген) кейде «Белгісіз ұрпақ» деп аталатын бұл буын үлкен экономикалық дағдарыстар, кеңес дәуірінің соңғы кезеңдері және заманауи технологиялардың алғашқы қадамдарымен өсті.

Олардың өміріне интернет, мобильді телефондар мен компьютерлер секілді терминдер біртіндеп енді. X ұрпағы көбіне дербес, еңбекқор және өзгерістерге бейім адамдар ретінде сипатталады.

Ерекшеліктері: өмір бойы оқуға әзірлік, жаңа эмоция іздеу, прагматизм, өзіне ғана сену, гендерлік теңдік.

Y ҰРПАҒЫ

1981-1996 жылдарда туған (1985-1999 жылғыларды қамтиды деген де деректер бар) Y ұрпағы немесе милениалдар интернеттің дамуы мен әлеуметтік желілердің пайда болған кезеңінде өсті. Милениалдар үшін цифрлық технологиялар, интернет және ұялы телефондар өмірдің ажырамас бөлігіне айналды.

Жаһандандудың әсерін сезіп өскендіктен, олар әлемнің түрлі мәдениеттерімен, тілдерімен және өмір салттарымен танысты, халықаралық байланыстар мен ақпарат алмасу

үшін мүмкіндіктерді пайдалануға үйренді.

Олар білімге, жаңа дағдыларды игеруге және өзін-өзі дамытуға үлкен мән береді. Бұл ұрпақтың өкілдері көбінесе жоғары білім алуға ұмтылады, онлайн курстар, семинарлар, вебинарлар сияқты альтернативті білім беру әдістерін де пайдаланады.

Жаңа технологияларды тез қабылдай отырып, қоғамның дамуына ықпал ете алады және болашақта да маңызды рөл атқаратын буын ретінде сипатталады.

Ерекшеліктері: парыз бен борыш, жауапкершілік, аңқаулық, бағына білу.

Z ҰРПАҒЫ

1997-2012 жылдарда дүние есігін ашқан (бұл буын 2000-2010 жылдар аралығын да қамтуы мүмкін) Зумерлер деп те аталатын бұл ұрпақ толығымен цифрлық әлемде өсіп-өніп келеді. Олар үшін виртуалды және нақты өмірдің шекарасы айқын емес, себебі олар барлық ақпаратты тек цифрлық форматта қабылдайды.

Z-ұрпақ – XXI ғасырдың ұрпағы. Деректерге сүйенсек, жер бетіндегі z-ұрпақтың саны 2 миллиардтан асады. Бүгінгі әлемдік қауымдастықта бұл ең үлкен ғаламдық күш болып саналады. Олардың ең басты қасиеті – еркіндік, ашықтық, азат ойлылық.

Олар өзгеге емес, өздеріне ұнаған нәрсені жасайды. Бірақ оларды өзімшіл деп есептеуге келмейді. Олар бәрін өзімен тең санайды және өзін өзгеден төмен қою комплексы жоқ. Жасқаншақтықтан, сенімсіздіктен ада.

Ескі, дәстүрлі білім жүйесінен қашады. Жұмыста, бір орында, бір кеңседе байланып отырғанды ұната бермейді. Үнемі қозғалыста, шығармашылық ізденісте болады. Сондай-ақ, стратегиялық жоспарлауды ұнатпайды, қазіргі сәтте барлығын алып қалуды қалайды.

Ерекшеліктері: ақпаратты сүзгіден өткізе алады, ерте есейеді, логикаға сүйеніп, тез шешім қабылдай алады.

ТҮЙІН:

Ұрпақтардың ауысуы – бұл тек биологиялық процесс емес, сонымен қатар әлеуметтік, мәдени және экономикалық процестердің нәтижесі. Әрбір ұрпақ – жаңа дәуірдің белгісі және өзінің ерекшеліктерімен қоғамды қалыптастырушы негізгі күш.

Бұл жазбаны ашық дереккөздердегі мәліметтер негізінде дайындадық. Өз керегіңізге жаратып, ой тую үшін көмекші боларына сенімдіміз.

Ежелден-ақ халқымызда мүшел жас деген ұғым бар. Адам болмысын әуелгі бастан-ақ саралаған дана қазақтың дара философиясында да бұл тақырып тыс қалмаған... ЕТ

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік желілердегі парақшаларына тіркеліңіздер!



Telegram - «Ембімұнайгаз» АҚ



Instagram - @embamunaigas.kz



TikTok – @embamunaigas



Facebook - Ембілік Мұнайшы



You tube – «Ембімұнайгаз» АҚ



«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2024 жылғы 18 қаңтарда № KZ69VPY00085699 күәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmg.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166
I.Satylganova@emg.kmg.kz

Г.Амирова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
G.Amirova@emg.kmg.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Әбенов – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Кенжехорұлы – Аппарат жетекшісі;

Ә.Каримов – Еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Ж.Дәуітов – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.